



Ұлыс оң болсын!



Сыр – анам, Қаратау – панам!



Құттықтау!

Құрметті жерлестер!
Қадірлі ағайын!

Баршанызды Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Өз-Наурыз күлі халыққа ортақ жалғұлттық мерекеге айналды. Оны ұлына, дініне қарамастан, барша жұртымыз ерекше күтеді, бірге атап өтеді», — деген болатын.

Бұл мейрам бірлік пен ынтымақтастықты, татулық пен бауырмалдықты нығайтатын ұлттық құндылық. Өңірмізде Наурыз онкүндігі аясында ұлттық дәстүрлерімізді, мәдени мұраларымызды дәріптеген іс-шаралар өткізілді.

Бүгінде ауданымыз заман талабына сай дамып, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда тұрақты өсім көрсетуде. Халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Құрылыс қарқыны артып, жаңа әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Инвестиция көлемі ұлғайып, өндіріс саласы дамып келеді. Ауыл шаруашылығы саласында өнімділік артып, еңбек адамдарының маңдай тері өз нәтижесін беруде. Әлеуметтік қолдау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт салаларында да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Елді мекендерді көгілдір отынмен қамту, инфрақұрылымды жаңарту, электр желілерін жетілдіру бағытындағы жұмыстар кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Осындай жетістіктеріміздің тұп-тамыры — халқымыздың ауызбіршілігі мен еңбекқорлығында. Бірлігіміздің арқасында талай белесті бірге бағындыратынымызға сенемін.

Наурыз мейрамы әр отбасыға амандық, шаңырақтарыңызға молшылық, береке мен бірлік әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Құрметпен аудан әкімі
Мажит САМИТОВ

1933 жылдың қыркүйегінен шығады / аудандық қоғамдық-саяси газет

№21 (8935) 22 наурыз, жексенбі 2026 жыл

ТАТУЛЫҚ ПЕН МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ



22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні қарсаңында аудан жұртшылығы ерекше рухани серпіліспен, кең көлемде ұйымдастырылған «Ұлы дала ұлағаты – Өз-Наурыз» атты мәдени-көпшілік шараның күәсі болды. Бұл күні тағылым мен дәстүрді ұштастырған орталық алаң ұлт құндылықтарының айшықты көрінісімен ажарланып, ерекше рухани көңіл-күй сыйлады.

Қарсысында «Руханият» орталығы бой көтерген кең алап ұлттық нақышта безендіріліп, қазақы болмыс пен салт-дәстүр үйлесімді көрініс тапты. Алаңда орнатылған LED экранда жарқылдаған тақырыптық бейнебаян көрермен назарын бірден өзіне аударды. Суретші-декораторлардың тың идеялары мен шеберлігінің арқасында сахна көркі көз тартарлықтай безендіріліп, ұлттық ою-өрнектер мен көктемнің символына айналған көк-жасыл жамылғы көздің жауын алады. Барлық безендіру жұмыстары Наурыз мерекесінің мәні мен мазмұнын терең ашып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Салтанатты шараның шымылдығы «Ұлы даланың Ұлы күні» атты композициялық театрландырылған қойылыммен түрілді. Қазақ халқының бай тарихы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымы сахналық көрініс арқылы әсерлі жеткізілді. Әсіресе, көктемнің келуі, табиғаттың жаңаруы, адамдардың бір-біріне деген ізгі тілегі мен ақжарма пейілі көркем бейнеленіп, той мазмұнын тереңдетте түсті.

Мәдени шара барысында аудан жұртшылығы Наурыз мейрамымен құттықтау үшін облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов арнайы келіп, аймақ басшысының ақжарма тілегін жеткізді.

— Баршанызды Жер-ана жаңаратын, күн мен түн теңелетін, ұлыстың ұлы

күні — Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Өз-Наурыз жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауы. Бұл мерекеде күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта түйелітін шақ. Ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне ерекше мән беріп, оны ұлыстың ұлы күні деп бағалаған. Халқымыз ерте көктемде бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Дикан қауым жер жырып, дан ексе, отбасы иелері ауласын, үй ішін тазартып жаңа жылды қадірлеп күткен.

Былл өңірінде үшін айрықша жыл болды. Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы бұған дейінгі саяси реформалардың жалғасы ретінде Конституцияны жаңартуға қатысты бастамаларын жеткізді. 15-наурызда халқымыз Қазақстанның жаңа тарихын жазып, келешек тағдырын айқындады. Президентіміз «Елімізде жалпы халықтық референдум ойдағыдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтар бір кісдей жаңару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Баршасы Отанымыздың бөлшегі үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті. Ортақ іске орасан зор үлес қосты», — деген болатын.



Айсұлу АЛДАНАЗАР

БІР АУЫЛ – БІР ҚАЗАН

Ауыл – қашанда ұлттың асыраушысы ғана емес, тамыры тереңге тартылған алтын діңгегі де. Мемлекет басшысының бастамасымен еліміз бойынша он күн қатарынан тойланып жатқан Наурыз мерекесі өз ауданымызда да айшықты ажарына қауышуда. Наурызнаманың бір күнінің Түгіскен ауылында ұйымдастырылуының мәні жоқ емес. Бұл өңірдің Түгіскен массиві даңқымен аты тарихта қалған. Аудан әкімі Мажит Самитұлы бастап келген меймандар шараның алдында киелі мекеннің топырағына өз қолдарымен ағаш көшетін отырғызып, өсуге, өнуге, көркеюге ниетті адамзат тіршілігінің символикалық рәсіміне құрметтіліктерін танытты. Қонақтарды өзін әжелеріміз әдемі әнмен қарсы алды. Одан әрі «Шаңырақ» күніне арналған кеш мазмұнын ашатын сахналық көріністер жалғасын тапты.



Баян ҮСЕЙІНОВА

Атам қазақ шаңырақты артына қалған мұрагерлеріне табыс етіп, «Шаңырағың биік, қереген кең, босаған берік болсын» деп батасын берген. Зенгір көк астындағы ұығы мен керегесі мығым құтты қоңыстар Ұлы Даланың кеңістігіне кіндігі байланған ер халықтың қасиетін бауырында сақтап, келешекке аман-сау аманаттап отырған. Наурызнамадағы бірлік пен берекенің белгісі — Шаңырақ күнін атап өтуді ұйғарған Түгіскен ауылының халқына аудан әкімі Мажит Самитұлы төмендегі құттықтауын жолдады:

— Құрметті жерлестер. Қадірлі ағайын! Баршанызды Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесі аясында ажары артқан «Шаңырақ күнімен» шын жүректен құттықтаймын. Наурыз — жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің, татулық пен мейірімнің мерекесі. Наурызнама күндері Шаңырақ пен Отбасы бірлігін дәріптейтін, ұрпақтар сабақтастығына терең арна салып, үлкендерге құрмет пен кішіге ізетті насихаттайтын құндылығымен қымбат. Қазақ халқы үшін шаңырақ — отбасының бірлігі мен тірлігінің символы. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген дана халқымыздың қағидасы осында жатыр.

Бүгінгі «Бір ауыл – бір қазан» атты мерелелік шараның басты мақсаты — ауыл тұрғындарының ауызбіршілігін арттырып, татулық пен ынтымақты нығайту, — дей келе аудан басшысы ары қарай кешегі өткен еліміз үшін маңызды саяси науқан — республикалық референдумда өңіріміздің алдығын орындап табылғанын, бұл жеңістің халықтың бірауызды ынтымағының арқасында қол жеткен жетістіктер екенін айтты.

— Түгіскен — береке бірлігі мен ынтымағы жарасқан, айшықты көркейіп келе жатқан алдыңғы қатарлы ауылдардың бірі, — деді әкім. Соңғы жылдары ауыл инфрақұрылымы жаңарып, әлеуметтік нысандар салынып, елді мекендердің ажары арта түсті. Ел дамуы ондағы еңбек



етіп жатқан ағайынның ауызбірлігі мен еңбексүйгіштігіне байланысты. Алдағы уақытта мұнан да үлкен жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін, — деп өзінің ізгі ықыласымен бөлісті.

Мерекелік акцияның мазмұнын ашқан «Бір ауыл – бір қазан» бағдарламасы көптің көңілінен шықты. Тұтас ауыл халқының ауызбіршілігі бір қазаннан ас ішкен бір үйдің баласының ынтымағын көз алдымызға әкелді. Ертеде Махамбет батыр жырға қосқан «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермеді» дегендегі «қара қазан» атауы бүкіл құтты қоныс, туған жер, кіндік қаның тамған атамекен ұғымымен пара-пар болса, екінші жағынан қара қазан атауы ішер ас, тіршілік етерге қажет зор несібе ұғымын да ұқтырып тұр. Акцияның «Бір ауыл – бір қазан» деген атауынан бір қазаннан ас ішкен елдің рухы биік дегенді білдіретін тағы бір қасиетті қағиданың ұлылығына бас июге тура келеді.

Аудан мәдениет саласына басшылыққа келгелі әрбір атаулы күннің мәртебесіне қан жүгіртуде кәсіби тұрғыда бастамашы болып келе жатқан Зұлфия Шалабаеваның ізденістеріне, өз ісінің маманы Түгіскен ауылдық клуб үйінің меңгерушісі Бақыт Тасқожаеваның бөлекше болмысты қабылетіне көзіміз жете түсті. Клуб ауласынан қоныс тепкен қазақ ауылының бейнесі, әулетте тербелген Алтыбақан айнала ажарын одан сайын асқақтатты. Шараның екінші бөлімінде Қазақстанға белгілі дизайнер, жерлесіміз Айзат Мырзаеваның қолынан шыққан заманауи ұлттық киімдер үлгісі сахна төрін соңғы стильдегі сан-салтанатымен жарқыратты.

Келесі кезекте ашық аспан астындағы сахнада жетігенші қыздардың орындауында «Ана» әні көкке шарықтаса, одан әрі Нұргүл Мақсұтқызы «Наурыз – думан» әнімен шашу шашты. Түгіскен ауылы келіндерінен құралған «Алтын жүрек аналар» «Уғай-ай» әнін тамылжыта шырқады. Сырдағы ауыл жігіттерінің басын қосқан «Өнерлі өңір» вокалды аспапты ансамблі (ВИА) орындауында ретро әндер көрерменнің өткен күндерге сағынышында оятты. «Туған елім – жұмақ мекен» әні дүзетің орындауында көңілдерді тербеді.

«Шаңырақ күні аясында өткен «Сыйлы жеңге, сырлас ерке» атты аудандық байқауға Бірлік ауылынан жеңісші мен қайыңсіңісі Асханова Перизат пен Әубәкір Аяулым, Машбек ауылынан Көрпебаева Қарлығаш пен Түгелбай Шұғыла, Жаңақорған кентінен Бегімбетова Сәуле мен Мақпал Исақова, Келінтөбе ауылынан Жазира Құрманбекова мен Асан Бекназ қатысып, бар өнерлерін ортаға салды.

Ұлттық салт-дәстүрлерді қадірлеу, туыстық қатынас, оның ішінде жеңге мен қайыңсіңілі арасындағы жарасымды сыйластықты бекемдеу мақсатында өткен байқауға қатысқан аруларымыз ұлтымыздың ұмытыла бастаған болмыс-бітімін әдемі бояуымен көз алдымызға әкелді. Көрерменге зор эстетикалық ләззат сыйлаған мәдени шарада өнер көрсеткен сайыскерлер қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Түгіскен ауылындағы Құлахмет Нәлтане басқаратын ұлт-аспаптар ансамблі кештің оң бойын күмбір күйлерімен көркемдеді.

Жер тоңы жібіп, алғашқы көк дүркіреп бүршік жарған ерте көктемде шыбық қадап, тал отырғызу – сансыз сауапқа кенелтетін іс. Өйткені егілген өскінің күтімі болса күні ертең жаңырағы саяя дараққа айналып, жазда көлеңке, қыста пана болады. Әрі экологиялық ахуалды жақсартып, қоңыржай климат қалыптастыруға әсерін тигізеді. Наурыз айында осындай мақсатта тал өгу дәстүрі жүйелі жалғасуда. «Наурызнама» тұжырымдамасы аясында «19 наурыз – Жаңару күніне» орай Жаңақорған кентінің Тәуелсіздік көшесінде ағаш отырғызу акциясы дәстүрлі жалғасын тапты.



Әлібек ЖАРЫҚБАЕВ

АҒАЙЫН ЕККЕН АҒАШ КӨКТЕЙДІ



Наурыз мерекесі — тазалық пен еңбектің ең биік тұғыры. Арық-атыздарды тазалап, тал-дарактар отырғызу — ежелден келе жатқан дәстүр. Бүгінгі акцияда аудан әкімінің орынбасары Бақтияр Ахметов жиналғандарды Наурыз мейрамымен құттықтап, табиғатты қорғаудың маңыздылығын атап өтті. Сол секілді ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Тақырбаев ізгі тілегін білдірсе, ел ағасы Серқожа Ыдырысов ақ батасын берді.

— Бұл күні табиғат қайта түлеп, тіршілік оянады. «Жаңару күні» ел өміріндегі және әрбір қазақстандықтың өміріндегі жаңа кезеңінің басталуы деп білеміз. Бүгінге дейін атқарылған жұмыстарға, үлкендер үлгі болып, жастар жігерленіп, ауданның жаңғыруына барынша мүмкіндік сыйлап келесіздер. Сондықтан Жаңару күнінде көктемдегі ағаш өгу үрдісі бастау алып, жыл сайын жалғасын тауып келеді. Бұл жақсылық мен татулықтың, бірлік пен берекенің бастауы. Ең бастысы, еліміздің амандығы орын алып, тыныштық туы тұғырдан түспесін. Аға буынның ортақ тілегі осы арнада тоғысты.

ТӨЛ ӨНЕРДІ ТӨРГЕ ОЗДЫРҒАН

Халқымызда ежелден келе жатқан өнердің бірі – зергерлік. Қазақ халқы зергерлікті жай ғана кәсіп деп емес, киелі өнер санған. Әсіресе, күмістің қадірін білген халқымыз оны тек әшекей ретінде ғана емес, тазалықтың, саулықтың қорғаны деп таныған. «Алтын – сәнге, күміс – өміге» деген сөздің өзі ата-бабамыздың табиғатпен үндес өмір сүріп, тау-тастың қасиетіне терең бойлағанын аңғартады. Бүгінде осы өнерді жаңғыртып, оған жаңа тыныс беріп жүрген хас шеберлердің бірі – жаңақорғандық Еркебулан Медетке арнайы жолығып, кәсібі туралы сыр сұыртып аламыз.



Зергерлік өнерінің қыр сырына қанық өскен ол күмістің сәндік бұйым ғана емес, адам денсаулығына да пайдасы зор екенін жадына түйді. Мұны өзі былай түсіндіреді. – Өлемде миллиондаған бактерияның адам ағзасына зиянды түрлі аурулар туғызып 1500 түрі бар екен. Ата-бабаларымыз соны біліп, осы күмісті көп қолданған екен. Адам баласы ағзада қандай ауру бар екенін де күміс арқылы анықтаған. Емдік қасиеті де бар. Мысалы, мойынға тағылған алқа немесе шылдыр шүмекке тағылған жүзік қан қысымын түсіреді. Ал күміс сүк саусаққа тағылса ішектің жұмысын жақсартады. Медицина тілінде фильтр қызметін атқарады. Яғни, адамның қанын тазалайды. Бүйрек дұрыс жұмыс атқармаса терлеген кезде шлақтың бәрі шығады. Күмістің тұз сілтілі қышқылды жағдайда тез қараяды, тез өзгереді. Осылайша анықтауға болады, – дейді зергер. Бүгінде Еркебуланның қолынан шыққан күміс бұйымдарға сұраныс жоғары. Түркістан, Қызылорда, Тараз, Алматы, Атырау, Ақтау сынды қалалардан арнайы тапсырыс түседі. Бұл – сапа мен сенімнің айқын көрсеткіші. Оны жасаған сырғасы, сақинасы, білезігі тек әдемілігімен емес, беріктігімен, ұқыптылығымен ерекшеленеді. Шебердің айтуынша, ол тек 999-шы сынамады күміспен жұмыс істейді. Әр бұйымды жасауда сапа бірінші орында тұрады. Ұстаханада күнүзек еңбектеніп, әрбір өрнекті жүрепке салып, жанымен сезінеді. Оның жұмысы – механикалық әрекет емес, шығармашылық процесс. Қазіргі заман талабына сай Еркебулан тек дәстүрлі әдістермен шектеліп қалмай, заманауи мүмкіндіктерді де тиімді пайдаланып отыр. Әлеуметтік желі арқылы өз өнімін насихаттап, клиенттермен тікелей байланыс орнатқан. Күнделікті еңбегі мен бұйым жасау барысын бейнебаян арқылы көрсетіп, көпшіліктің қызығушылығын оята білді. Соның нәтижесінде, оның парақшасына жазылушылар саны күн санап артып келеді.

Жас кәсіпкердің алдағы жоспары да айқын. Қазір ол жеке өзі еңбек етсе, болашақта кәсібін кеңейтіп, шағын цех ашуды көздейді. Қасына жас жігіттерді алып, оларға зергерлік өнердің қыр-сырын үйретпек. Бұл – тек кәсіпті дамыту ғана емес, ұмыт бола бастаған ұлттық өнерді келесі буынға жеткізудің жарқын үлгісі.

Мемлекет тарапынан да мұндай бастамаларға қолдау бар. Жеке кәсіп ашамын деген азаматтарға түрлі бағдарламалар арқылы қайтарымсыз гранттар мен жеңілдетілген несиелер ұсынылуда. Жаңақорған ауданында да кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаржы қамтамасыз жатыр. Бұл – ауыл жастарының өз жерінде еңбек етіп, табыс табуына үлкен мүмкіндік.


Еркебулан Медеттің еңбегі – тек бір адамның жетістігі емес. Бұл – ұлттық құндылықтардың қайта жаңғыруының көрінісі. Ұмыт бола бастаған ою-өрнектерді қайта тірілтіп, оларды заманауи трендке айналдыру – үлкен шеберлікті қажет етеді.

ТҮЙІН. Зергерлік – көздің жауын алатын өнер ғана емес, жүректің жылыын сездіретін қасиетті кәсіп. Осындай шеберлер барда қазақтың төл өнері өлмейді, қайта жаңғырып, жаңа белеске көтеріледі. Еркебулан сынды жастардың еңбегі арқылы ұлттық болмысымыз айшықталып, мәдени ұрамымыздың шырағы сөнбейді.

Әсел РЗАЕВА



Жаңақорғанда жылқы жалында өскен жігіттер өз емес. Әсіресе, ауыл балаларының ат құлағында ойнап, жүген тартқаны өте керемет. Тек тұлпар тізгіндеп ғана қоймай, сол жас буынның ұлттық спортты дамытып жатқанын қуантады. Теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ пен көкпардың көкжиегін кеңейтіп келе жатқан жастардың бағындырған бөлесі бір төбе. Соның ішінде жамбы ату спортының орны бір басқа. Қазір бұл спортқа ден қойғандар көптеп кездесуде. Бабадан қалған асыл спортты дамытуға үлес қосып жүрген сондай жастың бірі Нұрман Дәулетұлы айнадырған бір жылдың ішінде ел және Азия чемпионы атанып үлгерді.



ЖЫЛҚЫ ЖАЛЫНДА ЖАМБЫ АТҚАН

Нұрман Жаңақорғанның тумасы, бала кезінен спортқа әуес болғанымен жамбы атуға кештеу келеді. Ересектер көшіне ілесіп келе жатқан оның талантына талайлар таңдай қаққан. Небәрі бір жылдан аса уақыт ішінде үлкен спортқа қадам басқан оның жеткен жетістігі орасан.

– Бұл спортқа Ғалымжан Әміртай ағайым тартты. Басында ат спортқа бүйрегім бұрып, жамбы атуға әуестеніп жүрген болатынмын. Осы талпынысымды бапкерлерім көріп, ұсыныс білдірді. Көп ойланбай атқа қонып, қолыма садақ алдым. Бір жылда Қазақстан чемпионатынан Мажар мен Азия стилі бойынша 1-орын алсам, Түркі стилі бойынша 2-орын бұйырды. Одан кейін Азия чемпионатында Мажар стилі бойынша алтын тұғырдан көріндім. Азия стилі бойынша қола жүлдеге қол созғаным бар. Осылай үлкен спорттағы қадамдарым сәтті басталып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келемін, – дейді чемпион.

Жеке бапкері болған Ғалымжан ат спорты тарихында жамбы атудан ел чемпионында алтын тұғырдан көрінген ең жас мерген. Небәрі 18 жасында чемпион атанып, тарихқа алтын әріппен есімін жазды. Міне, енді шәкірті де жақсы жолмен келе жатыр. Нұрманның мақсаты осы спорттың шыңына шығу.

Қысқаша жамбы ату туралы мәлімет бере кетейік. Жаппы жамбы ату – қазақтың көнеден жеткен ұлттық ойындарының бірі. Жамбы ату үшін мергенге жүйрік ат пен садақ керек. Бұл ойын арқылы жастарды мергендікке, жаугерлік және батылдыққа баулыған. Қазақтың бай тілінде «мерген» дейтін сөз бар. Ертеде мергендік өнер ұлыс бекемдігі үшін баға жетпес құндылық саналған. Сондықтан да, көшпенді халқымыз жастарды садақ атуға үйретіп, елін қорғауға тәрбиелеген. Жамбы ату ойынын – көшпенділер жауынгерлердің мергендік қабілетін жетілдіру үшін қолданған. Жамбы атудың басты мақсаты: біріншіден, жауынгерлік дайындықты жетілдіру, екіншіден, ел арасындағы мергендерді анықтап оларды көтермелеу, үшіншіден, сыналған мергендерден арнайы топ құрып, елді қорғау үшін күштік құрылым ретінде пайдаланған.

– Жамбы ату – ептілік пен мергендік қасиетті сынайтын қазақтың ежелгі ұлттық ойындарының бірі. Қарапайым тілмен айтқанда, ат үстінде садақ ату өнері. Ерекшелігі – құйғыта шалқан ат үстінде отырып, санаудыңпен және дәлдікпен садақ ату. Атпен шауып келе жатқан жігіт екінің бәсеңдетпестен құрлуға бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиіс болған. Қазақтар жамбыны ат үстінде тұрып, болмаса шауып келе жатып қана атқан. Жалпы қиын спорт деуге болады, ең бастысы, батылдық пен тез әрекет етуге бейімделу керек. Өзім осы спортты таңдағаным еш өкінібеймін, – дейді ол.

Қазір осы спорт түрінен республикалық, халықаралық, дүниежүзілік жарыстар тұрақты өткізіліп тұрады. Жамбы ату спорты 4 стильде өткізіледі: корей, түрік, венгр, қазақ стильдері. Жамбы ату Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының спорттық бағдарламасына енген ұлттық спорт түрі. Иа, қой – береке, түйе – газиз мал, ал аттың жалына қиямет күніне дейін жақсылық байлаулы тұрады дейді. Сондықтан тұлпардың тұяғының дүбірін шабыт пен жігер береді.

Сөз соның жылқы жануары туралы нақылдармен түйіндесек. «Ат үйірін сағынса, артық аяғын қағынар». Ер басына күн туса, туған жерін сағынар. Атсыздың атасының ақысы кетеді. «Атын арымасын, тоның тозбасын, қадірін қашпасын». «Атын жақсы болса, ер жігіттің пырағы. Балаң жақсы болса, жан-тәніңнің шырағы». «Жүйрік атта жал болмайды, ер жігітте мал болмайды». Жылқы – тәңірдің жердегі елшісі. Сондықтан жылқы жалында жүріп, жамбы атуды мергенгер Нұрман секілді жігіттердің жігері қашан да берік болады.

Әли ТЕМІРБЕК

ЖЕТІ ДӘМНІҢ СЫРЫ

Наурыз – табиғат пен тіршіліктің жаңаруын білдіретін, түркі халқына ортақ көктем мерекесі. Бұл мерекенің мәні тереңде жатыр. Нақтырақ айтсақ болсақ, «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы бұл мейрамды «Ұлыс күні», «Ұлы күн», «Жаңа жыл» деп атап, ерекше құрметпен қарсы алған. Өйткені дәл осы күні күн мен түн теңеліп, табиғат жаңарып, жер бетіне тіршілік қайта оралады. Қаһарлы қыстың ызғары қайтып, төрт түлік төлдеп, жер беті жасыл желекке оранып, адамдардың аузы аққа тиіп, мошшылықтың бастауы сезіледі. Осындай берекелі шақта қазақ халқы ежелден Наурыз көже дайындап, оны қасиетті ас ретінде бағалаған.



Наурыз көже тек тағам ғана емес, ол халықтың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, салт-дәстүрімен тығыз байланысқан ұлттық құндылық. Қазақ халқы бұл асты «тілеу көже», «көп көже» деп те атаған. Олай аталуының астарында терең мән жатыр. Наурыз мерекесінде әр шаңырақта қазан көтеріліп, келген қонаққа Наурыз көже ұсынылған. Адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, ақжарма тілектерін айтып, татулық пен бірлікті нығайтқан. Бір қазаннан дәм тату – бауырмалдықтың, ауызбіршіліктің белгісі ретінде қабылданған.

Халық арасында Наурыз көженің шығу тарихына байланысты аңыздар да сақталған. Соның бірінде ел ішінде алауыздық туып, адамдар бір-бірімен араздасып кеткен кезде, асқақалдар бас қосып, үлкен қазанға ас пісіртіп, бүкіл жұртты бір дастарқанға жинағаны айтылады. Сонда ең беделді қария: «Біз де бір ананың сүтін ішкендей, бір қазаннан дәм таттық. Енді бір-бірімізді бауырдай көріп, татулыққа өмір сүрейік!», – деген екен. Осыдан кейін ел ішіндегі реніштер ұмытылып, халық қайтадан бірлікке келген. Бұл аңыздың өзі наурыз көженің адамдарды жақындастыратын, бірлікке үдейтін символ екенін айқын көрсетеді.

Қазақ халқы ежелден наурыз мерекесі күні ұйықтамауға тырысқан. «Ұлыс күні ұйықтаған адамның ырысы кемиді» деген наным болған. Сондықтан адамдар бұл күні сергек болып, бір-біріне қонаққа барып, Наурыз көже ішкен. Бұл ас ағзаға күш-қуат беріп, ұзақ қыстан әлсірген адамға сергектік сыйлайды деп сенген.

Ал, наурыз көженің басты ерекшелігі – оның жеті түрлі дәмнен дайындалуы. Қазақ ұғымында жеті саны киелі саналады. Жеті ата, жеті қазына, жеті шөлпек секілді түсініктер халық санасында ерекше орын алады. Сол себепті Наурыз көжеге қосылатын жеті дәм де молшылықтың, берекенің, ырыстың белгісі ретінде қарастырылған.

Наурыз көженің мәніне нақтырақ тоқтасақ, оның негізгі компоненті – су. Халқымыз «судай тасып көбейсін» деген ниетпен көжеге су қосқан. Шынында да, адам өмірінде судың маңызы зор. Ол ағзадағы зат алмасу процесін қамтамасыз етіп, барлық тіршілік әрекеттерінің негізін құрайды. Келесі маңызды құрамдас бөлік – ет. Қазақ «ас көп болсын» деген ниетпен көжеге сүр ет немесе жаңа сойылған ет қосқан. Ет қуат көзі, адам ағзасына қажетті ақуыздар мен дәрумендерге бай тағам. Сонымен қатар, көжеге қосылатын сорпа да ерекше мәнге ие.

Айсұлу АЛДНАЗАР



Халықтың бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулық пен бірлікті нығайтатын Наурыз заманының 10 күндігі аясында Екіпінді ауылдық клубында, Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай «Әжелер салған ән қандай...» атты облыстық әжелер ансамбльдерінің фестивалі өтті.

ӘЖЕЛЕР САЛҒАН ӘН ҚАНДАЙ!

Фестиваль басталмас бұрын келген қонақтарды Екіпінді ауылының әжелері ұлттық дәстүр бойынша шашу шашып, әнімен қарсы алды. Кіреберісте екі келін астауға салынған бауырсақ ұсынып, қонақтарға ауыл асынан дәм татқызыды. Қараша үйдің алдында үлкен әжелер ұршық иіру, жүн сабау, кілем тоқу сынды ұлттық қолөнер түрлерін көрсетіп, халқымыздың құндылықтарын дәріптеді. Ал жастар «Бастаңғы» дәстүрін ән мен жыр арқылы сахналады. Клуб алаңында қыз-жігіттер алтыбақан теуіп, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Балалар арасында асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту ойындарынан шағын жарыстар өтті. Қараша үй ішінде қазақтың ұлттық тағамдарынан дастархан жайылып, ауыл тұрғындары мен қонақтарға Наурыз көже ұсынылды. Сонымен қатар, Екіпінді ауылынан шыққан танымал тұлғалардың суреттері қойылып, арнайы таныстырылым жасалды. Фестивальдің ашылу салтанатында Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Жадыра Шертекова және Екіпінді ауылының әкімі Қайрат Қожамжаров сөз сөйлеп, қатысушы әжелерге алғыс білдіріп, сәттілік тіледі.

Фестивальге Қызылорда қаласы мен аудандарынан барлығы 7 әжелер ансамблі қатысты. Бірінші кезеңде қатысушылар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын насихаттайтын сахналық қойылымдарын ұсынып, қойылым барысында халық әндерін орындады. Атап айтқанда, Қазалы ауданының «Өнеге» ансамблі «Құрсақ шашу» дәстүрін «Дүние-ай» халық әнімен ұсынды. Жалағаш ауданының «Ақ әжелер» ансамблі «Өңір салу» дәстүрін «Аху керім» әнімен орындады. Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылының «Қуаныш» ансамблі «Қамшы ілу» дәстүрін халық әндерінен попурирмен жеткізді. Қосшыңырау ауылының «Ақниет» ансамблі «Көтендестіру» дәстүрін «Аху керім» әнімен көрсетті. Шиели ауданының «Байсын» ансамблі «Бастаңғы» дәстүрін «Гүл-гүл жайна» әнімен ұсынды. Жаңақорған ауданының «Әз әжелер» ансамблі «Құрсақ шашу» дәстүрін «Беу-айдай» халық әнімен жалғасты.

Екінші кезеңде қатысушылар қазақ композиторларының әндерін жанды дауыста орындады. Фестиваль қорытындысы бойынша барлық әжелер ансамбльдері түрлі номинациялармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Мақпал МАРҚАБАЙ

ҰЛТТЫҚ КИИМ – ҰЛТ РУХЫНЫҢ АЙНАСЫ



Ұлттық киім – ұлттың болмысын айшықтайтын, тарихи мен тағылымын, салт-дәстүрі мен дүниетанымын бойына сіңірген асыл мұра. Халықтың рухани коды, мәдени келбеті, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан құндылықтар жүнесінің бір көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, Наурыз мерекесі аясында аталып өтетін Ұлттық киім күнінің мәні мен маңызы ерекше. Наурыз мерекесінің 10 күндік іс-шаралары шеңберінде 18 наурыз – Ұлттық киім күні ретінде кең көлемде атап өтуі де – ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған ігі бастамалардың бірі.

Осы атаулы күнге орай кент орталығында «Ұлттық киім – ұлт айнасы» атты ұлттық киім шеруі жоғары деңгейде өтті. Шараға аудан мекемелерінен 800-ге жуық өкіл қатысып, ұлттық киімнің сан алуан үлгілерін көпшілік назарына ұсынды. Мерекелік шеру – ұлттық мәдениетті дәріптеудің, халықтың тарихи мұрасын жаңғыртудың нақты көрінісі болды.

Шерудің шымылдығын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Тақырбасов баталы сөзбен ашып, ұлттық киімнің мән-маңызына тоқталып, бүгінгі игі шараның берекелі болуын тілеп, ақ батасын берді.

– Ұлттық киім – ұлтымыздың айнасы, салт-дәстүріміздің бір көрінісі. Бүгінгі игі бастамаға Алла береке беріп, бірлігімізді арттырып, ырысымызды еселесін. Көк туымыз көкте мәңгі желбіреп, тәуелсіз еліміз тұғырлы болсын. Ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, рухымыз биік, абыройымыз асқақ болып, әр шаңырақта амандық, әр отбасына бақ-береке дарысын, – деді Өмірсерік Исабекулы.

Одан әрі мерекелік шеру «Шаңырақ» аллеясынан бастау алып, «Prime park» орталық сабағына дейін жалғасты. Шеруге аудан тұрғындары, түрлі этнос өкілдері, жастар

мен үлкендер белсене қатысып, ұлттық киімнің сан түрлі үлгілерін паш етті. Бұл көрініс еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулықтың жарқын бейнесін көрсеткендей болды. Әртүрлі этнос өкілдерінің бір алаңда бас қосып, бір шаңырақ астында төл мәдениетін таныстыруы – Қазақстандағы бірлік пен бейбітшіліктің айқын дәлелі.

Тәуелсіз еліміздің көк туы көштің басында асқақ желбіреп, ел бірлігі мен тәуелсіздігіміздің айқын нышаны ретінде көпшілікке ерекше рух сыйлады. Мұның өзі әрбір тұрғынның жүрегіне мақтанш сезімін ұялатып, елге деген сүйіспеншілікті айрттырды.

Ұлттық киім шеруінің көркін арттырған ежелгі батырлардың бейнесі мен қызғалдақтардың қос етекте сәнді көйлектері көз жауын алады. Қазақтың дәстүрлі киімдері – шапан, камзол, сәукеле, тақия, бөрік секілді киімдер ұлттық нақышымен, әсем ою-өрнектерімен ерекшеленді. Әрбір киімнің өзіндік тарихи, мән-мағынасы бар.

Шараны ұйымдастырған аудандық тілдер және мәдениет бөлімінің басшысы Зулфия Шалабаева:

– Бүгінгі шеру біздің ұлттық құндылықты қаншалықты дәріптейтініміздің айқын айғағы болды. Шараға 600 азамат қатысуы керек болатын. Бірақ аудан тұрғындарының

белсенділік танытумен оның саны 800-ге жетті. Мұны өзі ұлттық киімнің бен салт-дәстүрімізге деген құрметіміздің көрінісі деп білемін.

Қазақ халқының киімдері төрт түлік малдың өнімдерінен дайындалып, табиғатпен етене өмір сүрген халықтың өмір салтын айқын көрсетеді. Сондықтан ұлттық киімдерде халықтың дүниетанымы, эстетикалық талғамы, шеберлік өнері көрініс табады, – дейді.

Жалпы, осындай игі шаралар арқылы жастардың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрмет артып, олардың тарихи тамырына деген қызығушылығы оянады. Бүгінгі таңда жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшеліктерді сақтау, мәдени мұраны қорғау – аса маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан ұлттық киім күні сияқты мерекелердің ұйымдастырылуы – уақыт талабынан туындаған қажеттілік.

Ұлттық киімнің қадір-қасиетін ұғынған ұрпақ қана өз елінің нағыз жанашыры бола алады. Сондықтан ұлттық мұрамызды көзді қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат ету – өзіміздің қадір-қасиетімізді борышымыз.

Айсұлу АЛДАНАЗАР

Сот мінберінде

ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ДЕГЕН НЕ?

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттер арасындағы байланыс бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынастардың артуы азаматтардың да шекарадан тыс өрісін қозғалуына, шетелде білім алуына, жұмыс істеуіне жол ашты. Алайда бұл үдеріс жана құқықтық мәселелерді де қатар алып келді. Осындай жағдайда халықаралық құқықтық көмек көрсету қызметінің маңызы ерекше артып отыр.

Халықаралық құқықтық көмек – бұл бір мемлекеттің өзге мемлекетке құқықтық іс-әрекеттерді жүзеге асыруда жәрдем беруі. Оған сот құжаттарын жеткізу, дәлелдемелер жинау, куәларды сұрау, экстрадиция, алимент өндіру, сондай-ақ азаматтық қылмыстық және әкімшілік істер бойынша өзара қолдау көрсету жатады. Бұл қызметтің басты мақсаты – әр азаматтың қай елде жүрсе де заң алдында қорғалуына мүмкіндік жасау.

Бүгінде көптеген азаматтар шетелде түрлі құқықтық қиындықтарға тап болып жатады. Мәселен, шетелде неке қию, ажырасу, мұрагерлік мәселелері, жұмыс барысында туындайтын даулар немесе қылмыстық істер – мұның бәрі халықаралық құқықтық көмекті қажет етеді. Осындай сәттерде мемлекетаралық келісімдер мен құқықтық тетіктер маңызды рөл атқарады.

Қазақстан да бұл бағытта бірқатар елдермен екіжақты және көпжақты келісімдерге қол жойған. Соның нәтижесінде құқықтық көмек көрсету рәсімдері жөнделтіліп, азаматтардың құқықтарын қорғау жүйесі жетілдірілуде. Әсіресе, ТМД елдерімен арадағы ынтымақтастық бұл салада нақты нәтижелер беріп отыр.

Халықаралық құқықтық көмектің тиімді жүзеге асуы үшін бірнеше маңызды қағидаттар сақталуы тиіс. Біріншіден,

мемлекеттердің өзара сенімі мен құқықтық жүйелерінің үйлесімділігі. Екіншіден, рәсімдердің ашықтығы мен жеделдігі. Үшіншіден, азаматтардың құқықтарын бірінші орынға қою кезінде.

Дегенмен, бұл салада шешімін таппаған мәселелер де жоқ емес. Құжат алмасу барысында бюрократиялық кедергілердің болуы, кей елдердегі заңнамалардың айырмашылығы, тілдік тосқауылдар – халықаралық құқықтық көмектің уақытылы әрі сапалы көрсетілуіне кері әсерін тигізеді. Кей жағдайларда азаматтар өз құқықтарын қорғау үшін ұзақ уақыт күтуге мәжбүр болады.

Цифрландыру дәуірінде бұл мәселелерді шешудің жаңа мүмкіндіктері пайда болуда. Электронды құжат айналымы, онлайн сот отырыстары, цифрлық қолтаңба жүйелері халықаралық құқықтық көмекті жеделдетуге ықпал етуде. Болашақта бұл бағыттағы қызметтер толықтай автоматтандырылып, азаматтарға қолжетімді бола түсуі әбден мүмкін.

Сонымен қатар, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру да маңызды. Көп жағдайда азаматтар өз құқықтарын білмегендіктен немесе қайда жүгінуге керектігін түсінбегендіктен қиындықтарға тап болады. Сондықтан түсіндіру жұмыстары мен құқықтық кеңес беру қызметтерін дамыту – уақыт талабы.

ТҮЙІН. Халықаралық құқықтық көмек – бұл тек заң саласының тетігі ғана емес, ол әділдік пен адам құқықтарын қорғаудың жаһандық құралы. Шекара атаулы шартты ұғымға айналған заманда әр азаматтың құқығы да шекарамен шектелмеуі тиіс.

Эльдар РЫСҚҰЛОВ, Жаңақорған аудандық сотының судьясы

Мерекеді сәт болайық!

Жаңақорған аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Наурыз мерекесінде тұрғындар арасында топтасқан тағамнан улану, жіті ішек, ботулизм ауруларының алдын-алу мақсатында Сіздерден келесі мән-жайларды қаперге алуды өтінеді:

- Үй жағдайында дайындалған тағамдарды, әсіресе салаттарды, кондитерлік, кулинариялық өнімдерді, өткізуге, сатып алуға жол берілмесін;
- Тағамдардың сапасына, дайындалу және сақталу жағдайларына аса мән берілсін. Тағам өнімдерінің, әсіресе тез бұзылатын тағам өнімдерінің тоңазытқыштарда сақталуы қадағалансын;
- Өнімдерді тасымалдау және сақтауда санитарлық талаптардың қатаң орындалуын, сақтау температурасы мен тауарлар көршілестігінің сақталуын, өзіне тән иісі бар тамақ өнімдерін бөтен иісті сіңіріп алатын өнімдерден бөлек сақталуын қадағалау, шікі өнімдерді тұтынуға дайын тамақ өнімдерімен, қаптамадан тыс дайын өнімдермен бірге сақтауға жол берілмесін;
- Қабылданған барлық тамақ өнімдері стелажтарда, тұғырықтарда, табандықтарда сақталынсын. Тамақ өнімдерінің еденде сақталуына жол берілмесін.
- Тағамды өткен күннен қалған тағаммен және сол күннің ертерек мерзімінде дайындалған тағаммен араластыруға жол берілмесін;
- инфекциялық аурулармен ауырған және инфекциялық ауруларға күдікті қызметкерлердің жұмысқа жіберілмеуі қадағалансын;
- Тағамды дұрыс сақтау және дайындау – өзіңіздің және балаларыңыздың денсаулығыңыз кепілі.

Гүлбану МАМБЕТОВА, Жаңақорған аудандық СЭББ бас маманы

24 наурыз – туберкулезге қарсы күрес күні

2026 жылғы 24 ақпаннан 24 наурызға дейін туберкулезге қарсы күрес айлығы жүріп жатыр, Туберкулезбен күрес айлығының 2026 жылғы ұраны: «Иә! Біз туберкулезді жеңеміз! Қазақстанның көшбасшылығы, инновация және халықтың күшімен!» деген тақырыпта жалғасуда.

Аталған айлық науқанын өткізудің мақсаты: туберкулездің имунопрофилактикасы бойынша халықтың хабардар болу деңгейін арттыру, алғашқы медициналық-санитариялық көмек дәрігерлерінің ерте диагностикалау бойынша сақтығын арттыру, профилактикалық іс-шараларды және туберкулездің алғашқы белгілері туралы халықты ақпараттандыру, медициналық көмекке уақтылы жүгінуінің маңыздылығын, емдеудің тиімділігін насихаттау.

Туберкулез – бұл туберкулез бактериясы ағзаға енген кезде дамитын жұқпалы ауру, онда негізінен өкпе, кей жағдайда – ми мен оның қабықтары, бүйрек, омыртқа, лимфа түйіндері, буындар, жыныс мүшелері және т.б. зақымданады. Инфекцияны жұқтыру көзі – науқас адам. Егер науқас жетелсе, түшкірсе, туберкулез қоздырғышы ауаға енеді. Қоршаған адамдар жұқтырған ауамен тыныс алғанда бактериялар жоғарғы тыныс жолдарына, өкпеге енеді. Осылайша туберкулез инфекциясы пайда болады. Туберкулез бактериялары кез келген мүшеде көбіей алады.

Туберкулездің профилактикасы спецификалық және спецификалық емес болып бөлінеді: Спецификалық түрі: Вакцинациялау (БЦЖ вакцинациялау) нәресте алғаш туылған 1-4 күн аралығында перзентханада жүргізіледі. Спецификалық емес түрі: СӨС, ұтымды тамақтану, физикалық белсенділік, жаман әдеттерден бас тарту. Туберкулездің дамуына дырыс тамақтанбау, ұятты өнімдерді (темекі, алкоголь, есірткі) тұтыну, еңбек пен тұрмыстың қанағаттанғысыз жағдайлары, кейбір созылмалы аурулар (қант диабеті, қан аурулары, АИТВ) ықпал етеді.

Көбіне туберкулез өкпені зақымдайтындықтан өкпе туберкулезі деп аталады. Сонымен қатар, ағзаның басқа да бөліктері: ми, сүйек, бүйрек, көз, лимфа бездерін зақымдайды. Ауру белгілері білінбей дамуы да мүмкін, бірақ туберкулезге тән белгілер білінген жағдайда: салмақ жоғалту, тершеңдік, жалпы әлсіздік және тез шаршау, 2-аптадан аса жөтел, тәбеттің төмендеуі, кеуде тұсының ауыруы, дене қызуының көтерілуі, қан түкіру пайда болған кезде дәрігерге жедел қаралу керек. Туберкулездің алдын алудың негізгі шаралары: жыл сайын 1 жастан 15 жасқа дейінгі «тәуекел» тобындағы балаларға Манту сынамасын жасау, 15 жастан бастап барлық ересек адамдар тұрақты мекен-жайы, оқу және жұмыс орны бойынша флюорографиялық тексеруден өту.

Туберкулезді емдеуге болады және бұл бағыттағы жұмыс үнемі жүргізіліп отырады, Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күнін өткізудің мақсаты, ең алдымен, әлем халқының осы аурудың жаһандық індеті туралы және оны жою жөніндегі күш-жігер, оның алдын алу және оған қарсы күрес әдістері туралы хабардарлығын арттыру болып табылады.

Шынар АЙДАРОВА, Жаңақорған аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

2026 жылғы 12 сәуірге тағайындалған Жанарық ауылдық округі әкімін сайлауда кандидаттарды тіркеу туралы қорытынды хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 113-5-бабының 9-тармағына сәйкес Жаңақорған аудандық аумақтық сайлау комиссиясы хабарлайды.

1. Жанарық ауылдық округі бойынша барлығы 3 кандидат ұсынылған, оның ішінде 3-і өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

Ағымдағы жылдың 22 наурыз күнгі сағат 18.00 жағдай бойынша, Жанарық ауылдық округі бойынша барлығы 3-і кандидат тіркелді, оның 3-і өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған.

2. Тіркелген кандидаттар мен олардың жұбай-ларының тапсырған декларация құжаттарының анықтығын тексеру үшін мемлекеттік кірістер және арнаулы тексеру үшін ұлттық қауіпсіздік органдарына тиісті құжаттары жолданды.

3. Барлық тіркелген кандидаттар куәліктерін алды.

4. Ұсыну мен тіркеу кезінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясына өтініштер мен шағымдар түскен жоқ.

Жанарық ауылдық округінің әкімдігіне тіркелген кандидаттар:

Абдықаликов Бауыржан Орынбасарович – 1973 жылы туған, ұлты қазақ, білімі жоғары, Жаңарық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Жаңақорған ауданы, Жаңарық ауылы, Жанай көшесі №950, өзін-өзі ұсынаын.

Махмұтжанов Абдигани Абилпаттаевич – 1969 жылы туған, ұлты қазақ, білімі жоғары, Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы, аумақтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің басшысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан ата көшесі №939, өзін-өзі ұсынаын.

Шенгелбаев Габиден Кенжебекович – 1989 жылы туған, ұлты қазақ, білімі жоғары, Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас инспекторы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Ш. Бәкірұлы көшесі №99, өзін-өзі ұсынаын.

Жаңақорған аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Хабарландыру

«Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ алдағы уақытта «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған к. бас жоспары. Түзету» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабардар етеді.

Жобаларды талқылауға қатысуға ниет білдірушілерді «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ-ге алдын ала 872435-79-1-54 телефоны арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 13 мамыр күні сағат 11:00-де, Жаңақорған кенті, М. Көкенов көшесі 4, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom конференциясына қосылу: конференция идентификаторы - 838 8969 5992. Құпия сөз - 002380.

Жобаны әзірлеуші - «Казгипроград» ЖШБ

Тел: 8 (727) 279-04-57; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru.

Объявление

КТУ «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства Жаңақорғанского района» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных слушаний по рассмотрению материалов проекта «Генеральный план пос. Жаңақорған Жаңақорғанского района Кызылординской области. Корректировка».

Желающих принять участие в обсуждении проектов просим заблаговременно обратиться в КТУ «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства Жаңақорғанского района» по телефону: 872435-79-1-54.

Общественные слушания состоятся 13 мая в 11:00 часов по адресу: пос.Жаңақорған, ул. М.Көкенов 4, Дом культуры.

Подключиться к конференции Zoom: Идентификатор конференции: 838 8969 5992. Код доступа: 002380.

Разработчик проекта - ТОО Проектный институт «Казгипроград».

Тел: 8 (727) 279-04-57; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы» Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі №51 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жаңақорған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 51 «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
1. Көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының № 1-қосымшасына сәйкес жана редакцияда жазылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

О внесении изменений в постановление акимата Жаңақорғанского района от 22 апреля 2025 года №51 «Об установлении размера платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда»

Акимат Жаңақорғанского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата Жаңақорғанского района от 22 апреля 2025 года № 51 «Об установлении размера платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда» следующие изменения:
1. Приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению № 1 к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима района.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность ФИО

Жаңақорған ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларының 39-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 36186 болып тіркелген) сәйкес Жаңақорған ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақорған ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданы мәслихатының төрағасы Аты-жөні

Об определении размера и перечня категорий получателей жилищных сертификатов по Жаңақорғанскому району

В соответствии с пунктом 2-9 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 2 статьи 14-1 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», пунктом 39 Правил реализации мер государственной поддержки, направленных на улучшение жилищных условий, утвержденных приказом Министра промышленности и строительства Республики Казахстан от 30 мая 2025 года № 187 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 36186) наслхит Жаңақорғанского района РЕШИЛИ:

1. Определить размер и перечень категорий получателей жилищных сертификатов по Жаңақорғанскому району согласно приложению к настоящему решению.
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Председатель мажлихата Жаңақорғанского района ФИО

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Әсербайұлы, 16.07.2003 жылғы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2025 жылғы 10 желтоқсан күні қайтыс болған Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы, Сұнақата ауылдық округі, Сұнақата ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі №31 үйде тұрған азамат **Досмағамбетов Өшім Қаримұлының**, 2025 жылғы 19 қараша күні қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Исмайыл Искаков көшесі №94 үйде тұрған азамат **Төрехан Нұрхан Еркінұлының** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының жекеше нотариусы Ержанова Ботагоз Таженовна,

16 ақпан 2026 жылғы қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, М.Нәлібаев ауылдық округі, Ақжол ауылы, Құрманғалиев көшесі №12 үйде тұрған азамат **Саулебаева Айдархан Омаровичтің** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан Ата даңғылы 160 Б. Тел: 8 (72435) 24-9-36, 8701-288-61-36.

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда облысы нотариаттық аймағының нотариусы, Әлайдар Әбушахмаулы, 17.04.2014 жылғы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық қызмет көрсету комитетімен берген №14005294 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші, 2026 жылғы 07 ақпанда қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Сүлеймен Қошқаров көшесі №27 үйде тұрған азаматша **Бимбетова Мархумановна** атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан ата даңғылы №6 ғимарат. Тел: 8-701-831-74-44, 8-777-649-74-44, жұмыс тел: 21-1-12.

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Жаңақорған ауданының жеке нотариусы, Әлайдар Әбушахмаулы, 17.04.2014 жылғы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық қызмет көрсету комитетімен берген №14005294 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші, 2026 жылғы 07 ақпанда қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Сүлеймен Қошқаров көшесі №27 үйде тұрған азаматша **Бимбетова Мархумановна** атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан ата даңғылы №6 ғимарат. Тел: 8-701-831-74-44, 8-777-649-74-44, жұмыс тел: 21-1-12.

Жаңашыл мән берген салтыма, Ұлық боп кел, Наурыз, халқыма!



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

ТАТУЛЫҚ ПЕН МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ



Жаңа Ата заңымыз аумақтық тұтас-тығымызды сақтайды. Азаматтардың құқы мен бостандығын қорғайды. Еліміздің тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Біртұтас Қазақстан халқының барлық мақсат-мүддесі қамтылған халықтық Конституция еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тәуелсіздігіміздің басты нышаны саналатын жаңа құжатты қолдауда жерлестеріміз барынша белсенділік танытып, өңірлер арасында көш бастады.

Қадірлі жерлестер, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Наурыз мейрамы тәуелсіз елімізге, туған жерімізге толайым табыстар мен жағымды жаңалықтармен келгей! Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың келешегі кемел болсын! – деді Бахыт Дүйсенұлы.

Одан әрі ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар құрмет төрінен көрінді. Атап айтқанда, облыс әкімінің «Құрмет» грамотасымен Әбілғазы Төлегенов, Азатбек Юнусов, Өмірбек Ильясов, Әлібек Абдуллаев, Изәтінә Нәзілбаева сынды ел дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталса, облыс әкімінің мерекелік «Алғыс хатына» Сұлтанхан Қылбеков,

Салима Мансурова, Тұрсын Биенова, Керімбек Байниязов, Рахима Әбсаттарова, Мейрбек Құрбанбеков, Төрехан Сейсенов, Қонысбек Қыдырбаев, Марияш Ақымова, Ғалымжан Нәлдібек, Татьяна Ақулова, Жадыра Байсалова, Ақбота Шынтемір, Аліхан Қаныбектер ие болды. Ал аудан әкімінің «Алғыс хатымен» Суезхан Сәрсенбаев, Нұрлан Жәнішев, Құлдана Әбдреймова, Қалназар Байтеміров, Зауреш Өтеева, Эльмира Дилматова, Гүлжазира Раманқұлова, Венера Досыбаева, Әлім Әліменов, Дилара Каюлова, Іңкәр Әлиасқар сынды азаматтар ие болды.

Сонымен қатар, орталық алаңда ұлттық рухты асқақтатқан түрлі шаралар қатар өрбіді. Қазақтың салт-дәстүрдің иісі аңқыған ұлттық қолөнер көрмелері көпшілік назарына ұсынылып, онда шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар – кілемдер, текеметтер, зергерлік әшекейлер, ағаштан жасалған тұрмыстық заттар мен кәдесыйлар қойылды. Әрбір бұйымнан халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан шеберлігі мен эстетикалық талғамы анық байқалды. Алаңға тігілген қараша үйлер мерекенің ажарын аша түсті. Әрбір киіз үйге ерекше атаулар беріліп, олар береке

мен молшылықтың, татулық пен бірліктің символына айналды. Киіз үйлердің ішкі көрінісі де ұлттық дәстүрге сай безендіріліп, келушілерге қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін жақыннан тануға мүмкіндік берді. Қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылып, наурыз көже, бауырсақ, қазы-қарта секілді дәмдерден ауыз тиген жұртшылық мерекелік көңіл күйге бөленді.

Сондай ақ, алаңда ұлттық ойындардан спорттық жарыстар ұйымдастырылып, қатысушылар өзара бақ сынасты. Арқан тарту, қазақша күрес, асық ату, тоғызқұмалақ секілді дәстүрлі ойындар жастар мен үлкендердің қызығушылығын тудырып, көпшіліктің белсенді қатысуымен өтті. Ұлттық ойындардың тек көңіл көтеру құралы ғана емес, ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызды тәсілі екені анық байқалды.

Мерекелік шараның көркін қыздырған тағы бір ерекше сәт – өнер жұлдыздарының қатысуы болды. Қазақ эстрадасының жарық жұлдызы, күміс көмей әнші Әбжаппар Әлқожа арнайы қонақ ретінде келіп, өзінің әсем әндерімен көпшіліктің ықыласына бөленді. Оның орындауындағы әндер көрерменнің жүрегіне жол тауып, мерекелік көшті шырайын аша түсті. Сонымен қатар, жастардың сүйікті әншісіне

айналған заманауи орындаушы «АРО» сахна төрінен көрініп, әсерлі әндерімен көпшілікті қуантты. Өнерпаздардың өнері мерекенің сәнін келтіріп, жиналған жұртқа ерекше көңіл күй сыйлады.

Иә, қазақ халқы үшін Наурыз – татулық пен бірлікті, адамгершілік пен ізгілікті дәріптейтін қасиетті мейрам. Бұл күні айтылған әрбір тілек, жасалған әрбір игі іс елдің болашағына бағытталған ізгі қадам болып табылады. Сондықтан да бұл мереке әрбір шаңыраққа қуаныш, әрбір жүрекке жылулық сыйлайды. Өйткені, наурыз – өткенді еске алып, бүгінді бағалап, болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік беретін ерекше мереке. Ол – халықтың рухани байлығының айқын көрінісі. Сондықтан бұл мейрамның мәні мен маңызы ерқашан асқар болып қала бермек.

Жалпы, «Ұлы дала ұлағаты – Өз Наурыз» атты мәдени шара ұлттық құндылықтарды насихаттауда үлкен маңызға ие. Бұл шара – бір күндік мереке ғана емес, халықтың рухани жаңғыруына, ұлттық сананың қалыптасуына ықпал ететін айрықша әсерімен есте қалды. Осындай игі шаралар арқылы өскелең ұрпақ өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін тереңірек танып, құрметі арта түспек.



РЕКОРДСМЕН ӘЖЕЛЕРДІҢ ҮЛГІСІ

Өткен жылы Түркістанда тігілген биіктігі 4,6 метрлік сәуекеле Global Book of Records халықаралық мәртебесін алған. Құнды жәдігер түркі халқының ою-өрнегімен безендіріліп, оған 560 метрлік жамылғы тігілген еді. Осындай үлкен жобадан бөлек еліміздің танытқан 4 жаңақорғандық ағаш рекордсмен атанып, аудан мерейін арттырып отыр.

Аналардың аялы алақанымен жасалған ұлттық бас киімнің рекорд мәртебесін Қазақстан рекордтар кітабының ресми өкілі Қуандық Құдайбергенов жариялады. Жоба авторы Ақмарал Дауылбаеваның айтуынша, биіктігі 5 метр 20 сантиметр сәуекелі тігуге еліміздің түкпір-түкпірінен ақ жұлдызды аналар да өз үлесін қосыпты. «Ою-өрнекте бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербеткен аналар құрметіне өмір ағашын бейнеледік», – деген ол ісмер аналар халықаралық мәртебені алуына жол ашты.

Міне, осындай үлгілі іске өз тәжірибесін арнаған жаңақорғандық аналар да марапат мінберінен көрініп, кеудесіне медаль тағылып, мерейлері есті. Біз бұл апаларымызды аз-Наурыз мейрамы қарсаңында редакциямызға арнайы шақырып, ұлттық құндылық пен дәстүр сабақтастығы жайында сұқбаттасуды жөн көрдік.

Елімізде ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Дәстүрге жол» Қазақ аналары қоғамдық бірлестігі құрылғалы отырғанына ұмытылып бара жатқан көне дәстүрлеріміз жанданып, кимешек киген апалардың қатары артты. Иіліп сәлем беретін жас келіндер, қос қолдан амандасатын жастар көбейді. Аталарымыз тақиясын киіп төрде ақ батасын беруді дәстүрге айналдырды. Осындай ұлттық болмысымызға тән дәстүрлердің ішінде бағатөгер сайысы, қолөнер шеберлерінің фестивалі, келін мен ене тақырыбында түрлі тағалымыз іс-шараларға қатысуға ниетті тұрғындар көбейді. Бұл біздің бірлігімізді нығайтады, – деді Жаңақорған ауданы бойынша «Дәстүрге жол» Қазақ аналары қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Назарова.

Расында, осы ұйым төңірегінде республикалық деңгейде 1000 кимешек киген аналардың шеруі көптің назарын аударған еді. Алматыда өткен байқауда «Атымтай» әулеті Жаңақорғанның құндылыққа бай өлке екенін дәлелдеген еді. Құрақ көрпеше байқауларында да жергілікті ісмер келіншектер көш бойы озық тұрды. Осындай айтулы жетістіктер рекордтар кітабына жол ашты. Рекордтар кітабына 4 жерлесіміз еніпті. Тарқатып айтса, Раушан Назарова, Айзада Мұхитова, Сырғабұл Болғанбаева және Бақытгүл Тасхожаева халықаралық мәртебеге ие болды.

Әлем назарын қазақтың ұлттық киіміне аудару мақсатында аналардың қолымен тігілген 5 метрлік сәуекелі орталық алаңда мыңнан астам әже-апалар ақ кимешек киіп өткенімізде шетелден келген туристер таңырқай қараған еді. Халықаралық деңгейде өткен іс-шарада түрлі рекордсмендер, БАҚ өкілдері, арнайы комиссия өкілдері қатысып, өз пікірін білдірді. Осылайша рекордтар кітабына біздің ұйымның 100-ден аса аналары енді, – деді Сырғабұл Болғанбаева.

Жанель ЖҮСІП

Светлана Нещерет: “ЖҰРТҚА ЖЫЛУ СЫЙЛАСАҢ, ОҒАН ӨЗІҢ ДЕ ЖЫЛЫНАСЫҢ”

Украин қызы – Нещерет Светланамен танысып, емен-жарқын сұхбаттаса отырып, көңілім еріксіз елжіреген өз басым жаны сұлу адамның бойынан өзгеше жылылық есіп тұратынын аңғардым. Мұндай жандарда ұлтқа, нәсілге, топқа, руға бөліну деген жоқ. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» Абай атамыз өсиет еткен ұлы тілекті қастер тұтқан осындай пейілділер татулықтың тұтқасын ұстап тұр.



Өткен ғасырдың 54-жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру деген мақсатпен қарапайым шаруа адамдарының Ресейден, Украинадан Қазақстанға еріксіз қоныс аударылғаны белгілі. Осы дүрмектің қатарында қандан отау көтерген жас отбасы Нещерет Павел мен Надежда да бар еді. Украинаның Чернигов өңірінен келіп, әуелі Целиноград өлкесінде еңбек жолын бастаған ерлі-зайыптылар Сыр бойындағы Тереңөзек ауданына тұрақтайды. Көп өтпей Жаңақорғанның Төменарық аймағына қоныс аударады.

Бұл жақтағы көлдерден балық аулау, дария жағасындағы көк шалғын, жыңғыл-жықпыттың арасынан аң-құсқа тұзақ салып, қырғауыл атып алу сынды түз тіршілігі табиғатында аңшылық, балықшылыққа жаны жақын Павелді жіпсіз тұсап, Төменарықтың төл тұрғыны болып қалады. «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» деген бар, оның үстіне қолынан келмейтін өнері жоқ ісмер азаматтың ауылдағы қазығы мықты көне шаңырақтардың жақтауында қолының табы сақталған десек жаңылмаймыз. Ұсталық өнерімен тұрғын үйлердің есік-терезесін де өзі істеп беріп жүріпті. Ағаштан түйін түйген шебердің бесік істейтін де өнері бар екен.

Нещерет Павел мен Надеждының отбасында бес перзент өсіп-жетілсе, тұңғышы Александр Ресейде, Люба мен Вера Саратовта тұрады. Ал ауылда қыздары Светлана және қарашанырақта Олег пен келіндері Вика бөбелерімен өсіп-өніп жатыр.

Біз бұл отбасының туған ауылы Төменарықта тұрып жатқан қыздары, №53 А.Д.Романов атындағы орта мектебінде орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Светлана Нещереттің отбасына арнайы соғып, әңгімеге тарттық.

Қазақ азаматына тұрмысқа шыққан Света кішкентайынан әдебиетті сүйіп өскенін айтады. Сол кездерде кеңшар орталығындағы бір емес, екі кітап дүкенінен ең соңғы жаңа басылымдар келіп түсетін. Бұл жас өскіннің барлық салада интеллектуалды білім қалыптастыруына жол ашты. Мүмкін сондықтан болар, Ресейде техникумды бітіріп келіп, ауыл ауруханасынан зейнетке шыққан анасының орнын басып

он тоғыз жыл еңбек етсе де әдебиетке аңсары жеңдеп, педагогикалық білім алып, ауыл мектебінде ұстаздық қызметін бастап кетіпті.

Света апайлары оқушыларының бәрі анасындай көріп, еркелейтінін айтады ұстазы. Тек шәкірттер ғана емес, ауыл тұрғындарының барлығы оны жақсы көреді. Науқанстан көз жұмған ері Махмұт тіс дәрігері, елге сыйлы жан болған еді. Бауырларының көзі жоқ болса да орнына жиі келетін ағайындары қашан келсе де қуана қарсы алатын келіндері Светаға қатты разы екен. Кәдімгі қазақ отбасынағы қонақжайлық, кеңпейілділік бұл отбасының керегесіне қонақтап, құтын кемітеті келеді. Есік алдындағы кең жайда сауын мал ұстап, құс өсіретін құндыты отанасы табиғи өнімдердің ешбірін сатып алмайтынын, бәрін өзі қолдан өндіретінін айтты.

Бауырынан өрген бес қызы да үй шаруасына икемді болып ер жетіпті. Білімді бірінші орынға қойған екі оларға да осыны міндеттеді. Мектепті өте жақсыға бітірген тұңғыштары Малика дәрігер-реаниматолог, Миланасы

дәрігер-неанотолог, одан кейінгі қызы Лаура да жоғары білімді, үшеуі де қазақ жігітінесі тұрмысқа шығыпты. Ақтөбеде қаласында тұрады екен. Дианаса мал дәрігерлік мамандықты таңдапты. Кенжесі Майя мектепте оқиды.

Жазғы каникулды ауылда өткізетін мерелеріне деп есік алдындағы алма-жүзімді баптауға да уақыт табатын мұғалима құрбымыздың сымбаты бұзылмаған жап-жас қалпын көзінде дария суына балықтай жүзіп өскен дағдысынан деп түйіп сүйсінгенімізді де жасырмаймыз. Бәрінен бұрын, кісінің жан дүниесі сұл болсын деңіз. Қазақтан бетер іші-бауырымызға кіріп, өмілді әжіреткен украин қызимен, шынымызды айтсақ, қимай қостағастық. Светаның кітап сөресі толы газет-журналдар арасынан «Жаңақорған тынысы» көзімізге оттай басылды. Қазақша-орысша бірдей меңгеріп алған украин қызы біздің төл оқырманымыз болып шықты.

Баян ҮСЕЙІНОВА

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

АҒАЙЫН ЕККЕН АҒАШ КӨКТЕЙДІ

Ағаш отырғызу үрдісіне аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов, ардагерлер, аналар, қоғамдық ұйым өкілдері және еріктілер қатысты. Ақция аясында 200 тұғаш егілді, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл игі бастама ауданның барлық елді мекендерінде жалғасын тапты.

Ендігі кезекте, тақырып ауаның экологиялық тәрбиеге бұрсақ. «Бағбан болсаң, бақ өсір, балама деп тағы өсір» демекші, аулаға ағаш отырғызудың қаншалықты сауапты амал екенін тарқатып көрейік. Мұхаммед (с.а.с) Пайғамбардың мұсылмандар қауымын тал отырғызуға үндеген мынадай хадисі бар. «Қандайда бір мұсылман ағаш не егін ексе, одан адамдар, құрт-құмырсақ мен құстар жеп азықтанса, міндетті түрде өзіне сауап ретінде кері қайтады». Тағы бір өсиетінде: «Бір адам бір ағаш отырғызса, дәлтеріне отырғызған ағашының жемісінде сауап жазылады» делінген. Тереңінен түсінгенге тереңінде тәлімді тәмілді жатыр.

Тақырыпқа тұздық болсын. Тарихтан ғибратты әңгіме өрбітсек.

Бірде Аббаси халифасы Һарун Рашид бір қарт адамның жас жеміс ағашының көшетін отырғызып жатқанын байқап қалады. Халифа оған: «Иә, ақсақал, сіз қартайдыңыз. Отырғызып жатқан шыбыңның жемісін көре алмайсыз. Осыны біле тұра, неге бейнәттеніп жатырсыз?» – дейді. Сыр бермеген қарт: «Бізден бұрынғылар ағаш отырғызды. Біздер жемісін жедік. Енді біз де тал отырғызайық. Жемісін кейінгілер жесін» – деп жауап қатады. Мұндай жауапты күтпеген Һарун Рашид әлгі қартқа риза болып, қартқа бір ұыс алтын береді. Сонда қарт: «Көрдің бе, балам. Бұл тал шыбықтың жемісін міне, мен де көрдім» – дейді. Қарияның сөзіне одан жауын риза болған халифа тағы алтын ұстатады. Қарт Һарунның жүйне күлімсірей қарап: «Басқа ағаштар жылына бір рет жеміс берсе, менің еккен ағашым жылына екі мәрте жеміс береді» деген екен.

Газетіміздің келесі саны 28 наурыз, экенбі күні шығады